<p>10. Продавец обязан в день отгрузки Товара либо его партии уведомить Покупателя посредством электронной почты по реквизитам, указанным в настоящем Договоре о произведенной отгрузке Товара путем предоставления следующих данных: даты отправления; станции/пункта отправления; направления отгрузки; номера товарно-транспортной накладной; номера транспортного средства.</p> <p>В случае отсутствия такого уведомления, Покупатель вправе отказать в приемке Товара на складе Покупателя в день прибытия Товара.</p> <p>10.1. В день отгрузки Товара либо его партии, Продавец обязан передать Покупателю посредством электронной почты следующие документы:</p> <p>А) счет-фактуру (инвойс), оформленный в соответствии с требованиями законодательства страны Продавца;</p> <p>В) товарно-транспортный документ;</p> <p>С) документ, подтверждающий качество Товара, выданный производителем и/или уполномоченным органом (сертификат соответствия, сертификат качества, декларация соответствия, свидетельство о приемочных испытаниях, паспорт изделия и т.д.);</p> <p>Д) копию таможенной декларации, заверенной в установленном порядке печатью таможенного органа в стране экспорта;</p> <p>Е) сертификат происхождения Товара;</p> <p>Ф) соответствующее разрешение уполномоченного органа (Комитет индустриального развития и промышленной безопасности Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан) на применение технологий, технических устройств, материалов, применяемых на опасных производственных объектах, опасных технических устройств (в случае если на поставляемый Товар требуется такое разрешение).</p> <p>Оригиналы вышеуказанных документов предоставляются Продавцом Покупателю вместе с поставляемым Товаром за исключением документов, предусмотренных подпунктами С), Е), Ф) настоящего пункта.</p> <p>10.2. По письменному запросу Покупателя, Продавец обязан предоставить данные весогабаритных характеристик груза посредством электронной почты.</p> <p>10.3. В случаях, затрудняющих предоставление Продавцом оригиналов документов, предусмотренных подпунктами С), Е) и Ф) пункта 10.1 настоящего Договора, допускается предоставление Продавцом копий документов, при условии, если они заверены нотариально либо заверены печатью и подписью уполномоченного лица Продавца.</p> <p>10.4. Продавец гарантирует подлинность предоставляемой документации заверенной собственной подписью и печатью. В случае выявления фактов предоставления Продавцом поддельных (фиктивных) документов он несёт ответственность, предусмотренную действующим законодательством Республики Казахстан.</p> <p>10.5. Продавец обязан вносить в товаросопроводительные документы, указанные в настоящем Договоре, десятизначный (10-тизначный) код Товара, - членов Таможенного союза в рамках Евразийского экономического сообщества: Республика Армения, Республика Беларусь,</p>	<p>10. Сатушы тауарды немесе оның партиясын жөнелту күні, Сатып алушыны электрондық пошта арқылы осы Шартта көрсетілген деректемелері бойынша келесі деректерді: жөнелту күнін; жөнелту станциясын/пунктін; жөнелту бағытын; тауар-көлік жөнелтпе құжатын; көлік құралының нөмірін ұсыну жолымен тауардың жөнелтілуі туралы хабардар етуге міндетті.</p> <p>Осындай хабарлама болмаған жағдайда, Сатып алушы тауар келген күні Сатып алушының қоймасында тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.</p> <p>10.1. Сатушы Тауарды немесе оның топтамасын жөнелту күні, электрондық пошта арқылы Сатып алушыға келесі құжаттарды:</p> <p>А) Сатушы елінің заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген электронды шот-фактура (инвойс);</p> <p>В) тауарлық-көліктік құжат;</p> <p>С) Өндірушімен және/немесе уәкілетті органмен берілген, Тауар сапасын растайтын құжат (сәйкестік сертификаты, сапа сертификаты, сәйкестік декларациясы, қабылдау сынақтары туралы куәлік, бұйым төлқұжаты және т.б.);</p> <p>Д) экспорт елінде кеден органының мөрімен белгіленген тәртіпте расталған кеден декларациясының көшірмесі;</p> <p>Е) Тауардың шыққан елінің сертификаты;</p> <p>Ф) қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды (егер жеткізілетін Тауар үшін осындай рұқсат қажет болған жағдайда) пайдалануға уәкілетті органның (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті) тиісті рұқсаты.</p> <p>Сатушы Сатып алушыға жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқаларын, осы тармақтың С), Е), Ф) тармақшаларымен көзделген құжаттарды қоспағанда, жеткізілетін Тауармен қоса береді.</p> <p>10.2. Сатушы Сатып алушының жазбаша сұратуы бойынша жүктің салмақ габариттік сипаттамаларының деректерін электрондық пошта арқылы ұсынуға міндетті.</p> <p>10.3. Сатушы осы Шарттың 10.1-тармағының С), Е) және Ф) тармақшаларымен көзделген құжаттардың түпнұсқаларын беруге қиын жағдайларда, егер олар нотариалды расталған немесе Сатушының уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және мөрі басылған болса, құжаттардың көшірмесін ұсынуға рұқсат беріледі.</p> <p>10.4. Сатушы өзінің қолын қою және мөрін басу арқылы ұсынылатын құжаттаманың түпнұсқалылығына кепілдік береді. Сатушымен ұсынылған құжаттардың жасанды (жалған) екендігі туралы факті анықталған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жауапкершілікке тартылады.</p> <p>10.5. Сатушы осы Шарттың тауар-ілеспе құжаттарына Тауардың он таңбалы (10-таңбалы) кодын енгізуге міндетті (Еуроазиялық экономикалық қауымдастық шегіндегі Кедендік одаққа мүше мемлекеттер: Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы).</p>
--	---

<p>Кыргызская Республика и Российская Федерация).</p> <p>10.6. Наряду с положениями предусмотренными настоящим Договором оплата стоимости Товара, а в отдельных случаях предусмотренных условиями настоящего Договора оплата стоимости Работ осуществляется Покупателем в пользу Продавца только при условии предоставления Продавцом в полном объёме и надлежащим образом оформленных документов, предусмотренных условиями Договора включая, но не ограничиваясь, соответствующей накладной с визой материально-ответственного лица склада Покупателя или иного документа, подтверждающего факт исполнения обязательства Продавцом по Договору, счёта-фактуры, соответствующего Акта приема-сдачи выполненных Работ, подписанного обеими Сторонами, а также иной сопроводительной документации, предусмотренной условиями Договора. В случае не предоставления Продавцом одного или нескольких документов, предусмотренных соответствующим Договором оплата по нему соразмерно отодвигается, и её срок начинает исчисляться со дня предоставления в полном объёме и надлежащим образом оформленных документов.</p> <p>10.7. <b>Продавец гарантирует достоверность и полноту данных, указанных в товаросопроводительных документах, в том числе соответствие указанного кода ТНВЭД поставляемому товару.</b></p>	<p>10.6. Осы Шарттың талаптарымен көзделген ережелермен қатар осы Шарт бойынша Тауар құнын төлеу, ал осы Шарттың талаптарында көзделген жекелеген жағдайларда Жұмыстардың құнын төлеу, Сатып алушы қоймасының материалды-жауапты тұлғасының визасы қойылған тиісті жүкқұжатты немесе осы Шарт бойынша Сатушының міндеттерді орындау фактісін растайтын басқа құжатты, шот-фактураны, екі Тарап қол қойған тиісті Орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісін, сондай-ақ Шарттың талаптарымен көзделген басқа құжатты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Шарттың талаптарымен көзделген, толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған кезде ғана жүзеге асырылады. Сатушы тиісті Шартпен көзделген құжаттардың біреуін немесе бірнешеуін ұсынбаған жағдайда ол бойынша төлем сол мерзімге жылжытылады және оның мерзімі толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған күннен бастап есептеледі.</p> <p>10.7.</p>
<p>11. Приемка товара по количеству и качеству производится на складе Покупателя (Грузополучателя) в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента доставки и разгрузки товара на складе Покупателя (Грузополучателя). Датой приемки товара считается дата составления Покупателем акта приёмки ТМЦ по количеству и качеству. В случаях, предусмотренных пункте 2 настоящего Договора, приемка товара производится по завершении Продавцом монтажных и пуско-наладочных работ.</p> <p>11.1. Продавец гарантирует, что все поставляемые Товары соответствуют описанию, указанному в приложениях к настоящему Договору. Не допускается поставка товара-аналога (товара - эквивалента).</p> <p>11.2. В случае нарушения Продавцом требований к Товару, указанных в пункте 11.1 Договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор, без возмещения каких-либо убытков Продавцу. В этом случае, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф, предусмотренный пунктом 15.2 Договора.</p>	<p>11. Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдау Сатып алушының (Жүк алушының) қоймасында тауарды Сатып алушының (Жүк алушының) қоймасына жеткізу және түсіру мезетінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Тауарды қабылдау күні болып Сатып алушының ТМҚ-ны саны мен сапасы бойынша қабылдау актісін жасау күні саналады. Осы Шарттың 2-тармақшасымен көзделген жағдайларда тауарды қабылдау Сатушы монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын аяқтағаннан кейін жүргізіледі.</p> <p>11.1. Сатушы жеткізілетін барлық тауарлардың осы Шарттың қосымшаларында көрсетілген сипаттамаға сәйкес келуіне кепілдік береді. Ұқсас тауарды (баламалы тауарды) жеткізуге жол берілмейді.</p> <p>11.2. Сатушы Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген Тауарға қойылатын талаптарды бұзған жағдайда Сатып алушы тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Сатушыға қандай да бір залалды өтемей, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Сатушы Сатып алушыға Шарттың 15.2-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті.</p>

<p>12. Приемка товара производится в следующем порядке:</p> <p>12.1. При выявлении несоответствия по количеству и/или качеству поставленного товара против данных, указанных в товаросопроводительных документах, а также при не выполнении условий, указанных в пунктах 8, 24 Договора Покупатель приостанавливает приемку товара и извещает посредством электронной почты в течение 24 часов с момента выявления несоответствия.</p> <p>12.2. Продавец в течение 24 часов с момента получения извещения обязан посредством электронной почты уведомить Покупателя о своем согласии/несогласии с выявленными при приемке товара замечаниями Покупателя и направлении/отказе от направления своего представителя для составления двустороннего акта приемки. Продавец вправе уполномочить на участие в приемке товара любое лицо, находящееся в месте получения товара. Уполномоченный надлежащим образом представитель Продавца обязан прибыть для участия в приемке товара не позднее 3-х дней с даты получения извещения, не считая времени, затраченного на проезд до места приемки.</p> <p>12.3. Если Покупателем в течение 24 часов с момента направления извещения не получено уведомление Продавца о направлении своего представителя, либо представитель Продавца в трехдневный срок, не считая времени, затраченного на проезд, не явился в место приемки товара, Покупатель вправе завершить приемку товара в одностороннем порядке либо с участием незаинтересованного лица. При этом, акт, составленный одним из вышеуказанных способов является достаточным основанием для последующего предъявления претензии Продавцу по количеству и/или качеству поставленного товара.</p> <p>12.4. В случае если Товар не был принят Покупателем он принимается на ответственное хранение, при этом Покупатель в течение 3 (трёх) рабочих дней с момента составления акта об отказе в приемке Товара по количеству и/или качеству уведомляет в письменной форме Продавца о необходимости вывоза (замены) Товара в срок до 15 (пятнадцати) календарных дней с момента получения уведомления Продавцом.</p> <p>12.5. В случае непринятия Продавцом мер по вывозу (замене) Товара в установленный пунктом 12.4 Договора срок, Покупатель продолжает обеспечивать последующую сохранность принятого Товара путём его безвозмездного ответственного хранения с общим сроком до 30 (тридцати) календарных дней с даты составления акта об отказе в приёмке Товара, если Продавцом в вышеуказанный срок не будет принято мер по вывозу (замене) Товара, Покупатель принимает этот Товар, начиная с 31 дня хранения на возмездное ответственное хранение сроком на 30 календарных дней при этом стоимость услуг такого хранения будет составлять 0,5 % от стоимости хранимого Товара за каждый день хранения, которую Продавец обязуется оплатить на банковские реквизиты Покупателя в соответствии с выставленным Покупателем расчётом.</p> <p>12.6. В случае неоплаты стоимости услуг хранения и/или не вывоза Товара по истечении сроков, предусмотренных в пункте 12.5 Договора, Покупатель по своему выбору производит одно из нижеследующих</p>	<p>12. Тауарды қабылдау келесі тәртіпте жүргізіледі:</p> <p>12.1. Ілеспе құжаттарында көрсетілген мәліметтерге қарағанда жеткізілген тауардың саны және/немесе сапасы бойынша сәйкес келмеуі анықталған кезде, сонымен қоса Шарттың 8, 24-т. көрсетілген талаптар орындалмаған кезде Сатып алушы тауар қабылдауды тоқтатады және ол туралы Сатушыға сәйкессіздік анықталған сәттен бастап 24 сағат ішінде электрондық пошта арқылы хабарлайды.</p> <p>12.2. Сатушы хабарламаны алған сәттен бастап 24 сағат ішінде Сатып алушының тауарды қабылдау кезіндегі анықталған ескертулерімен келісуі/келіспеуі туралы және екіжақты қабылдау актісін жасау үшін өз өкілін жіберуі/жіберуден бас тартуы туралы Сатып алушыға электрондық пошта арқылы хабарлауға міндетті. Сатушы тауарды қабылдауға қатысуға тауарды алу жерінде тұрған кез келген адамды уәкілетті етуге құқылы. Тиісті түрде уәкілеттік берілген Сатушының өкілі тауарды қабылдауға қатысу үшін тауарды қабылдау жеріне дейін жол жүруге кеткен уақытты санамағанда, хабарламаны алған күнінен бастап 3 күннен кешікпей келуге міндетті.</p> <p>12.3. Егер Сатып алушы хабарламаны жіберу сәтінен бастап 24 сағат ішінде Сатушының өз өкілін жіберу туралы хабарламасын алмаса немесе Сатушының өкілі тауарды қабылдау жеріне жол жүруге кеткен уақытты санамағанда, үш күндік мерзімде келмесе, Сатып алушы тауар қабылдауды бір жақты тәртіпте немесе мүдделі емес адамның қатысуымен аяқтауға құқылы. Осы кезде, Сатып алушының бір жақты актісі немесе мүдделі емес адамның қатысуымен жасалған акт сонынан Сатушыға жеткізілген тауардың саны немесе сапасы бойынша наразылықты білдіру үшін жеткілікті негіз болып табылады.</p> <p>12.4. Сатып алушы Тауарды қабылдамаған жағдайда, ол жауапты сақтауға қабылданады, Сатып алушы осы кезде Саны және/немесе сапасы бойынша тауарды қабылдаудан бас тарту туралы акті жасалған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Сатушының хабарламаны алған мезетінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде Тауарды алып кету (ауыстыру) қажеттігі туралы жазбаша нысанда хабарлайды.</p> <p>12.5. Сатушы Шарттың 12.4. тармағымен белгіленген мерзімде Тауарды алып кету (ауыстыру) бойынша шара қолданбаған жағдайда, Сатып алушы қабылданбаған Тауардың сақталуын 30 (отыз) күнтізбелік күндік мерзімге тегін жауапты сақтауға қабылдау жолымен қамтамасыз етеді, егер жоғарыда көрсетілген мерзімде Сатушы Тауарды алып кету (ауыстыру) бойынша шара қолданбаған жағдайда, Сатып алушы бұл Тауарды тегін жауапты сақтағаннан кейінгі 31-күннен бастап 30 күнтізбелік күнге ақылы жауапты сақтауға қабылдайды, осы кезде мұндай сақтау қызметінің құны сақтаудың әрбір күніне сақталатын Тауар құнынан 0,5 % құрайды, оны Сатушы Сатып алушы берген есеп айырысуға сәйкес Сатып алушының банктік деректемелеріне төлеуге міндеттенеді.</p> <p>12.6. Шарттың 12.5. тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін, Тауарды сақтау қызметінің құнын төлемеген және/немесе алып кетпеген жағдайда, Сатып алушы өз тандауы бойынша Сатушының мекенжайына келесі мазмұндағы жазбаша хабарламаны жіберу жолымен төмендегі: 1)</p>
--	---

<p>действий путём направления в адрес Продавца письменного уведомления следующего содержания: 1) либо о возврате Продавцу не принятого Покупателем Товара с отнесением связанных с этим расходов на Продавца; 2) либо о реализации такого Товара с последующим возмещением расходов понесенных им за ответственное хранение и реализацию Товара из суммы, вырученной от реализации Товара; 3) либо о переводе такого Товара в собственность Покупателя, на что Продавец путем подписания настоящего Договора даёт свое безоговорочное согласие и в последующем ни каких претензий имущественного характера к Покупателю, связанных с переходом права собственности в пользу последнего, предъявлять не будет.</p>	<p>немесе сатып алушы кабылдамаған Тауарды Сатушыға қайтару және осыған байланысты шығынды Сатушының есебіне жатқызу туралы; 2) немесе осы Тауарды сатып, Тауарды сатудан түскен сомадан Тауарды жауапты сақтауға және сатуға жұмсаған шығындардың орнын толтыру туралы; 3) немесе осындай Тауарды Сатып алушының меншігіне айналдыру туралы әрекеттердің біреуін қолданады, бұған Сатушы осы Шартқа қол қою арқылы өзінің сөзсіз келісімін береді және кейіннен Сатып алушыға соңғысының пайдасына меншік құқығының өтуіне байланысты ешқандай мүліктік сипаттағы талап қоймайтын болады.</p>
<p>13. За нарушение сроков поставки товара, Продавец уплачивает Покупателю неустойку в размере 1 % от стоимости не поставленного в срок товара за каждый день просрочки, но не более 20 % этой стоимости.</p>	<p>13. Сатушы Тауар жеткізу мерзімін бұзғаны үшін, мерзімі өткен әр күнге уақытылы жеткізілмеген Тауар топтамасы құнының 1 % мөлшерінде, бірақ осы күнның 20 % астам емес тұрақсыздық айыбын төлейді.</p>
<p>14. В случае просрочки Продавцом поставки товара более чем на 20 (двадцать) календарных дней и/или не предоставления Продавцом Покупателю одного или несколько документов, предусмотренных договором, и/или поставки товара, не соответствующего условиям договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор, без возмещения каких-либо убытков Продавцу.</p> <p>14.1. В случае установления Покупателем факта признания Продавца уполномоченными государственными органами лжепредприятием, банкротом, бездействующим или если его регистрация признана недействительной либо по иным другим основаниям которые позволяют Покупателю усомниться в его надлежащем правовом статусе и законопослушности, Покупатель вправе в любое время в одностороннем порядке расторгнуть настоящий Договор, письменно уведомив об этом Продавца (нарочно, почтой или посредством электронной почты) без последующего возмещения каких-либо убытков Продавцу, связанных с данным расторжением Договора.</p>	<p>14. Сатушы тауар жеткізу мерзімін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен артық өткізіп алған және/немесе Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауар жеткізген және/немесе Шартта көзделген бір немесе бірнеше құжаттарды Сатып алушыға ұсынбаған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз тауарды кабылдаудан бас тартуға және/немесе Шартты соттан тыс бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>14.1. Сатып алушы уәкілетті мемлекеттік органдарымен Сатушының жалған кәсіпкерлік, банкрот, әрекет етпеу фактісін тануды анықтаған жағдайда немесе оның тіркелуі жарамсыз деп танылса не болмаса өзге басқа негіздерде оның тиісті құқықтық мәртебесі мен заңға бағынушылығында Сатып алушыға күдіктенуге мүмкіндік беру жағдайында, Сатып алушы кез келген уақытта бір жақты тәртіпте, осы Шартты бұзуға байланысты Сатушының қандай да бір шығындарының орнын толтырмай бұл туралы Сатушыға (қолмен, поштамен немесе электронды пошта арқылы) жазбаша хабарлап, осы Шартты бұзуға құқылы.</p>



<p>15. За непоставку товара, поставку некачественного товара и/или некомплектного товара, Покупатель вправе предъявить, а Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 20 % от установленной Договором стоимости не поставленного товара, товара, оказавшегося дефектным и/или некомплектным, а также обязуется возместить Покупателю все причиненные этим убытки.</p> <p>15.1. Продавец соглашается, что несвоевременное и/или ненадлежащее исполнение Продавцом своих обязательств по настоящему Договору, влечет нанесение Покупателю убытков. Продавец возмещает Покупателю причиненные убытки путем перечисления на расчетный счет Покупателя суммы денег в размере 20 % от общей суммы Договора течение 5 рабочих дней с момента получения соответствующего требования Покупателя. В случае, если размер фактически понесенных убытков превысит 20 % от Общей суммы Договора, окончательный размер убытков определяется Покупателем самостоятельно исходя из размера реального ущерба и/или упущенной выгоды, в этом случае Продавец оплачивает в полном объеме Покупателю все понесенные убытки. Убытки согласно настоящему пункту Договора возмещаются сверх установленной настоящим Договором неустойки и иных мер обеспечения исполнения Договора.</p> <p>15.2. В случае нарушения Продавцом условий любого из пунктов Договора и/или приложения к настоящему Договору и если за данное нарушение Договором не установлена ответственность в виде неустойки или штрафа, Продавец уплачивает Покупателю штраф в размере 20 % от общей стоимости Товара, а также возмещает Покупателю все причиненные этим убытки.</p>	<p>15. Тауар жеткізбегені, сапасыз және/немесе жиынтықталмаған Тауар жеткізгені үшін, Сатып алушы талап қоюға құқылы, ал Сатушы ақаулы және/немесе жиынтықталмаған болып шыққан тауардың Шартпен белгіленген жалпы құнынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге, сонымен қатар Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.</p> <p>15.1. Сатушы осы Шарт бойынша өздерінің міндеттерін уақытылы және/немесе тиісті түрде орындамауы Сатып алушыға шығын келтіруге әкеп соғатындығымен келіседі. Сатушы Сатып алушыға келтірілген шығынды Тапсырыс берушіден тиісті талап алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша Тауардың жалпы құнынан 20 % мөлшеріндегі ақшалай соманы Сатып алушының есеп шотына аудару жолымен өтейді. Егер, нақты келтірілген шығынның мөлшері Шарт бойынша Тауардың жалпы құнынан 20 % асып түскен жағдайда, шығынның соңғы мөлшерін нақты шығын және/немесе ұтылған пайда мөлшеріне қарап, Сатып алушы өзі анықтайды, бұл жағдайда Сатушы барлық келтірілген шығынды толық көлемде Сатып алушыға төлейді. Шарттың осы тармағына сәйкес шығындар осы Шартпен көрсетілген тұрақсыздық айыбынан және Шартты орындауды қамтудың өзге шараларынан астам өтеледі.</p> <p>15.2. Сатушы Шарттың және/немесе Шартқа берілген қосымшалардың кез-келген тармақтарының талаптарын бұзған жағдайда және де егер осы бұзушылық үшін Шартта тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл түрінде жауапкершілік белгіленбесе, Сатушы Сатып алушыға Тауардың жалпы құнынан 20 % мөлшерде айыппұл төлейді, сондай-ақ Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтейді.</p>
<p>16. В случае поставки Продавцом товара в нарушение собственного обязательства, предусмотренного пунктом 10.1 Договора, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10 % от стоимости поставленной партии товара, по которой отсутствует оригинал одного или нескольких (всех) документов, предусмотренных пунктом 10.1 настоящего Договора. В указанном случае, Покупатель вправе в одностороннем порядке отказаться от приемки товара на складе Покупателя (Грузополучателя) и/или вернуть товар Продавцу за счет Продавца, а также требовать от Продавца возмещения расходов по ответственному хранению товара за период с момента прибытия товара на склад Покупателя (Грузополучателя) до момента фактической передачи вышеуказанных документов либо возврата товара Продавцом Покупателю.</p> <p><b>16.1. В случае предоставления товаросопроводительных документов в нарушение собственного обязательства, предусмотренного пунктом 10.7 Договора, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10 % от общей суммы Договора, а также возместить Покупателю все причиненные убытки (в том числе штрафы и неустойки, начисленные и/или наложенные таможенными органами РК).</b></p>	<p>16. Сатушы тауарды Шарттың 10.1. тармағымен қарастырылған өз міндеттемелерін бұза отырып жеткізген жағдайда Сатушы Сатып алушыға осы Шарттың 10.1. тармағымен қарастырылған бір немесе бірнеше (барлық) құжаттар түпнұсқалары жоқ жеткізілген тауар топтамасы құнының 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған жағдайда, Сатып алушы тауарды Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасында қабылдаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға және/немесе Сатушыға тауарды Сатушының есебінен қайтаруға, сонымен қоса тауардың Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасына келіп түсуі сәтінен бастап Сатушының Сатып алушыға жоғарыда аталған құжаттарды нақты берген немесе тауарды қайтарған сәтіне дейінгі мерзімде тауарды жауапты сақтау шығындарын өтеуді Сатушыдан талап етуге құқылы.</p>

<p>17. В случае поставки Продавцом Товара, несоответствующего условиям, определенным п. 8, 24 настоящего Договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор без возмещения Продавцу каких-либо убытков.</p> <p>17.1. В случае не предоставления Продавцом покупателю одного или нескольких документов, предусмотренных условиями Договора (сертификат качества и т.д.), Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор без возмещения Продавцу каких-либо убытков.</p>	<p>17. Сатушы осы Шарттың 8, 24-т. белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарды жеткізген жағдайда, Сатып алушы Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>17.1. Сатушы сатып алушыға Шарт талаптарында көзделген бір немесе бірнеше құжатты (сапа сертификаты және т.б.), ұсынбаған жағдайда, Сатып алушы тауарды қабылдап алудан бас тартуға және/немесе Сатушыға қандай да бір залалды өтеусіз Шартты бір жақты ретте бұзуға құқылы.</p>
<p>18. В случае несвоевременной оплаты по вине Покупателя, Покупатель уплачивает Продавцу неустойку (но не убытки) в размере 0,5 % суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более 10 % суммы просроченного платежа.</p>	<p>18. Сатып алушының кінәсі бойынша төлем уақытылы төленбеген жағдайда, Сатып алушы мерзімі өткен әр күнге мерзімінде төленбеген соманың 0,5 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (бірақ шығын емес) төлеуге міндетті, бірақ мерзімі өткен сомадан 10 % астам емес.</p>
